

**“Арыс қаласы білім бөлімі” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
“Гүл Гүл” бөбекжай бақшасы**

БҰЙРЫҚ

Арыс қаласы

№ 1

02.09.2025 жыл

**Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңестің құрамын бекіті туралы**

«Білім туралы» 27.07.2007 ж ҚР Заңының 5 бабының 34-1 тармақшасына, «Педагог мәртебесі туралы» 27.12.2019 ж ҚР Заңының 5-бабының және 16-бабының 1-тармағына, «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 11.05.2020 ж №190 бұйрығына сәйкес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті сайлау туралы 2024 жылғы 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мынадай құрамда бекітілсін:

1)Төраға – Ж.Достанов, аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы

Кеңес мүшелері:

2)Г.Молдашова -Арыс қаласының білім бөлімінің мектепке дейінгі ұйымының кабинет әдіскері

3)П.Сүлейменова- Арыс қаласының білім бөлімінің әдіскері

4)Мұхаев Жұматай- Арыс қалалық кәсіподақ комитетінің төрағасы

5) Байжекеев Берік, халыққа қызмет көрсету орталығының бас маманы

6)Базарбекова Гүлнар - ЖШС «Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасының , тәрбиеші

7)Нұрмаханова Гулжазира - ЖШС«Гүл Гүл» бөбекжай бақшасы, тәрбиеші

Кеңес хатшысы – А.Долходжаева, ЖШС«Гүл Гүл» бөбекжай бақшасының әдіскері.

2. Педагогикалық әдеп ережелері, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметі туралы ақпарат ЖШС «Гүл Гүл» бөбекжай бақшасы ресми сайтында орналастырылсын.

3.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөбекжай бақша меңгерушісі:



С.Арынова.

«Бекітемін»
ЖШС «Гүл Гүл» бөбекжай-
бақпасы меңгерушісі
С.Арыпова
«02» 09.2025 ж.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

№	Отырыс тақырыбы	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің № 1 отырысы: 1.- Кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. № 190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын түсіндіру; 2.Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті 3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	қыркүйек	хаттама
2	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің № 2 отырысы 1.-Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау 2.-Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	қараша	хаттама
3	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің № 3 отырысы 1.-Педагогтардың құқықтары 2.-Педагогтердің көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары 3.-Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	Наурыз	хаттама
4	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің № 4 отырысы 1.-Педагог бейнесі 2.-Өзінді -өзі тәрбиелеу жолдары 3.-Педагогтердің әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары	мамыр	хаттама

**ЖШС “Гүл Гүл” бөбекжай бақшасының педагогикалық әдеп
жөніндегі кеңесінің №1 хаттамасы.**

02 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: бөбекжай бақша меңгерушісі:

С.Арынова

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері, тәрбиешілер

Күн тәртібінде

1. Кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. № 190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын түсіндіру;
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрағасы-аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Ж.Достанов :Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. № 190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын түсіндіру педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады. Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға жүгінуге құқылы. Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады. Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына

педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Жайсанбаева Махаббат-Арыс қаласының білім бөлімінің мектепке дейінгі ұйымының әдіскері: Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы –ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға топқа басқа адам кіріп келгенде педагогке орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Бөбекжай ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Сүлейменова Перизат-Арыс қаласының білім бөлімінің әдіскері: Ұстаз ата-аналармен, балалармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Мензада Ерболатовна чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы – педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері

мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы пектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтардың өз әрекеттері үшін жауапкершілігін арттыру.
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
3. Педагогтермен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Кеңес төрағасы:



Ж.Достанов

Хатшы:



Ж.Ділдебек

**ЖШС “Гүл Гүл” бөбекжай бақшасының педагогикалық әдеп
жөніндегі кеңесінің №2 хаттамасы.**

18 қараша 2025 жыл

**Қатысқандар: бөбекжай бақша меңгерушісі: С. Арынова
Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері, тәрбиешілер**

Күн тәртібінде

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.

3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.

4. **Тыңдалды:** Бірінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Сүлейменова Перизат: Ұстаз – мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кезде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікіріңді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Мұхаев Жұматай- Арыс қалалық кәсіподақ комитетінің төрағасы: *Педагогикалық әдеп* – педагог әрбір нақты жағдайда балаларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке балалар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп *жағымды жақтан ғана қаралады*. “Педагогикалық әдебі нашар” қайырымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарадүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір педагог балалармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда педагогтердің бірсыпырасының балаларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері,

жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Педагог балаларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сақ, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның ұйымдастырылған оқу-ызметтерінде тәртіпсіздік үстемдік етеді, балалар тапсырмаларды орындамайды, айтқан ақылды тындамайды, шынтуайтқа келгенде оны сыйламайды. Мұндай педагогті әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда педагогтің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Достанов Жебелі ағай: Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген Г.Базарбаеваға сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі. Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы. Егер педагог өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар сыныпқа қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді.

Шешімі:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
2. Педагогтің педагогикалық әдебін сақтауда педагогтің құқықтық сауаттылығын арттыру үшін, құқықтық шара өткізілсін.
3. Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Кеңес төрағасы:



Ж.Достанов

Хатшы:



Ж.Ділдебек

**ЖШС “Гүл Гүл” бөбекжай бақшасының педагогикалық әдеп
жөніндегі кеңесінің №3 хаттамасы.**

12 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: бөбекжай бақша меңгерушісі: С.Арынова
Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері, тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

- 1.-Педагогтардың құқықтары
- 2.-Педагогтердің көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары
- 3.-Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.

1. **Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша** Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Ж.Достанов сөз сөйледі. Ол «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының негізгі баптарына тоқталып, педагогтердің құқықтарын қорғау — педагогикалық әдепті сақтаумен тығыз байланысты екенін атап өтті. Педагог өз кәсіби қызметінде құқықтық әрі моральдық тұрғыдан қорғалуы тиіс екендігі баса айтылды. Кәсіподақ комитетінің төрағасы / Әдеп жөніндегі уәкіл Мұхаев Жұматай баяндама жасады. Ол балабақшада педагогтерді шектен тыс есептіліктен босату, негізсіз тексерулерге жол бермеу және оларды өзіне тән емес жұмыстарға жекпеу бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады. Сонымен бірге, педагогтің кәсіби беделіне нұқсан келтіретін жағдайлар орын алғанда қолданылатын қорғау механизмдері түсіндірілді.
2. **Тыңдалды: • Екінші мәселе бойынша** Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Ж.Достанов сөз сөйледі. Ол «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы мен Педагогикалық әдеп кодексінің талаптарына тоқталды. Төраға педагогтің беделі мен сөйлеу мәдениеті тек мектеп/балабақша ішінде емес, көпшілік ортада да үлгі болуы тиіс екенін атап өтті. Педагогтің қоғамдағы, көпшілік жиындардағы мінез-құлқы мен сөйлеу абыройы білім беру ұйымының жалпы беделін қалыптастыратыны баса айтылды. Әдеп жөніндегі уәкіл / Кеңес мүшесі Мұхаев Жұматай баяндама жасады. Ол педагогтердің әлеуметтік желілердегі (Instagram, Facebook, TikTok, WhatsApp чаттары ж.б.) белсенділігі мен белгіленген шекаралар туралы баяндады. Педагогтерге желіде моральдық-этикалық нормаларға сай келмейтін, педагогикалық мәртебеге дақ түсіретін контент, пікірлер немесе бейәдеп сөздер жариялаудан тартыну қажеттілігі ескертілді.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша • Мектепке дейінгі ұйымда Педагогикалық әдеп кодексінің сақталуы және тәрбиешілер мен педагогтердің кәсіби этикасын қамтамасыз ету шаралары.

Тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста педагогикалық такт пен эмоционалдық тұрақтылықты сақтау, бұзушылықтардың алдын алу. Топтық чаттар мен әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас мәдениетін реттеу. Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Ж.Достанов сөз сөйледі. Ол мектепке дейінгі жастағы балалардың ерекшеліктеріне байланысты тәрбиешілердің әрбір әрекеті, сөзі мен мінез-күлқы педагогикалық әдеп нормаларына толық сай болуы тиіс екенін атап өтті. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық этиканы сақтау – баланың психологиялық қауіпсіздігі мен сапалы тәрбиесінің басты кепілі. Екінші және үшінші мәселелер бойынша Балабақша әдіскері Педагог-психолог Турсынбаева Алия баяндама жасады. Ол бөбекжай бақшада тәрбиешілер арасында жүргізілген түсіндірме жұмыстары, педагогикалық такт, ата-аналармен кері байланыс орнату тәртібі мен мектепке дейінгі ұйымның топтық чаттарында (WhatsApp, Telegram) сөйлеу мәдениетін сақтау ережелерін баяндады. Педагогтардың жұмыс кезіндегі эмоцияны басқаруы мен күйзелістің алдын алу шаралары таныстырылды

Шешімі:

1. Педагогтардың «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңында бекітілген құқықтары мен кепілдіктерінің сақталуы бойынша ақпарат ескерілсін. Мектеп әкімшілігіне педагогтарды кәсіби міндетіне кірмейтін жұмыстарға тартуға және негізсіз есептілік түрлерін талап етуге жол бермеу ұсынылсын. Педагогтардың құқықтары бұзылған немесе оларға негізсіз қысым жасалған жағдайда Қамқоршылық кеңестің шұғыл қарастыру механизмі қамтамасыз етілсін.
2. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдеп нормаларын қамтамасыз ету және сақтау бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат ескерілсін. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымына: Тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста педагог этикасын, сабырлылық пен бала құқықтарын қатаң сақтау; Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық такт пен кәсіби сөйлеу мәдениетін ұстану;
3. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат ескерілсін. Педагогикалық ұжымға (тәрбиешілер мен мамандарға): Тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста педагогикалық такт, сабырлылық пен баланың ар-намысын құрметтеу принципін қатаң сақтау;

Кеңес төрағасы:

Ж.Достанов

Хатшы:

А.Долходжаева

**ЖШС “Гүл Гүл” бөбекжай бақшасының педагогикалық әдеп
жөніндегі кеңесінің №4 хаттамасы.**

02 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: бөбекжай бақша меңгерушісі:

С.Арынова

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері, тәрбиешілер

Күн тәртібінде

- 1.-Педагог бейнесі
- 2.-Өзінді -өзің тәрбиелеу жолдары
- 3.-Педагогтердің әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары

1. **Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Ж.Достанов сөз сөйледі.** Ол заманауи педагог бейнесі тек білім деңгейімен емес, сонымен бірге оның сыртқы келбетімен, киім кию стилімен (іскерлік стиль), қарым-қатынас мәдениетімен және педагогикалық әдебімен белгіленетінін атап өтті. Педагогтің әрбір іс-әрекеті мен сөзі білім алушылар үшін үлгі болуы тиіс екендігі баса айтылды. Әдеп жөніндегі уәкіл / Педагог-психолог Мұхаев Жұматай, баяндама жасады. Ол білім беру ұйымындағы педагогтердің іскерлік дресс-коды, сөйлеу эстетикасы, эмоционалдық ұстамдылығы мен әлеуметтік желілердегі жеке парақшаларын жүргізу этикасы туралы баяндады. Желіде педагог мәртебесіне нұқсан келтіретін контенттен тартыну және ата-аналармен, балалармен сөйлесуде кәсіби такт сақтау мәселелері сараланды.
2. **Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Ж.Достанов сөз сөйледі.** Ол заманауи педагог үшін өзін-өзі тәрбиелеу мен үздіксіз білім алу — кәсіби және этикалық дамудың негізгі шарты екенін атап өтті. Педагогтің өзін-өзі бақылауы, сөйлеу мен мінез-құлық мәдениетін ұдайы жетілдіріп отыруы оның ұжымдағы, оқушылар мен ата-аналар алдындағы беделін арттыратыны баса айтылды. Бөбекжай бақша әдіскері / Педагог-психолог Тұрсынбаева Алия баяндама жасады. Баяндамашы педагогтің өзін-өзі тәрбиелеуінің негізгі жолдарын таныстырды:
 1. **Өздігінен білім алу және рефлексия:** Өз іс-әрекетіне талдау жасау, өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту.
 2. **Эмоционалдық өзін-өзі реттеу:** Тәрбие процесінде ұстамдылық, сабырлылық пен педагогикалық такт сақтау.
 3. **Тұлғалық сапаларды дамыту:** Жауапкершілік, әділдік, мейірімділік пен педагогикалық этиканы күнделікті ұстану.

4. Серіктестік пен кәсіби байланыс: Әріптестермен тәжірибе алмасу, тайм-менеджментті меңгеру және күйзелістің алдыналу.

3. Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Ж.Достанов сөз сөйледі. Ол заманауи ақпараттық қоғамда педагогтің әлеуметтік желілердегі және қоғамдық орындардағы мінез-құлқы, сөйлеу мәдениеті мен киім кию эстетикасы оның кәсіби абыройының ажырамас бөлігі екенін атап өтті. Педагог мамандығы қоғам тарапынан жоғары моральдық және этикалық жауапкершілікті талап ететіні айтылды. Әдеп жөніндегі уәкіл / Кеңес мүшесі Мұхаев Жұматай ағай баяндама жасады. Ол педагогтердің әлеуметтік желілердегі жеке парақшаларында педагогикалық моральға, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келетін контентті жарияламау, әдепсіз сөздер мен негізсіз сын-пікірлерден тартыну, сондай-ақ білім алушылардың жеке деректерін рұқсатсыз жарияламау бойынша талаптарды түсіндірді. Қоғамдық орындарда, бұқаралық іс-шараларда педагогтің ұстамдылық, сабырлылық пен сыпайылық танытуы – кәсіби беделді сақтаудың басты критерийі екені сараланды.

Шешімі:

1. Педагог бейнесін (имиджін) қалыптастыру және педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат ескерілсін.

2. Педагогикалық ұжымға: Өзін-өзі тәрбиелеу, эмоцияны басқару және өзін-өзі реттеу дағдыларын тұрақты дамыту; Жыл сайынғы кәсіби және өзін-өзі тәрбиелеу даму жоспарын тиімді іске асыру ұсынылсын.

3. Педагогтердің әлеуметтік желілерде және қоғамдық орындарда этикалық талаптарды сақтауы бойынша ұсынылған ақпарат ескерілсін. Педагогикалық әдеп кеңесіне педагогтер арасында «Желілік этика және педагогтің қоғамдағы беделі» тақырыбында түсіндірме семинарларын тұрақты түрде жүргізу жүктелсін.

Кеңес төрағасы:



Ж.Достанов

Хатшы:



А.Долходжаева